

## Біздің сұхбат

Қазақ әдебиетінде өзіндік орыны бар, прозаның ауыр жүгін көтеріп, көркем әдебиетке өзіндік сүбелі үлесін қосып келе жатқан қабырғалы қаламгеріміз Өмір КӘРІПҰЛЫНЫҢ есімі қалың оқырманға жақсы мәлім болса керек. Ол кісі басынан ауылда тұрады. Содан ба екен шығармалары да өзіне тартқан. Ауыл ісі шығып тұрады. Қаламгердің ауыл өміріне арналған «Са-рыбел сазы», «Атасының баласы», «Ескі тоған» әңгіме-повестерімен қоса, клас-сикалық үлгімен жазылған «Бұрқақ» және «Тайталас» романдары жарық көрген. Өткен жылы ғана оқырман қолы-на тиген «Серілер мен перілер» атты Өмір ағамыздың кітабына сыншыларымыз жоғары баға беріп те үлгерді.

Бүгінгі әңгімемізде айтулы жазушы жалпы әдебиет жөнінде, өзін толғандырып жүрген басқа да мәселелерге тоқталады.



**-Өмір аға, әңгімемізді тоқтатып бастасақ қайтеді? Айтыңызшы, қаламда кие бола ма?**

-Болғанда қандай! «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деген аңғарымда көп мағына жатыр. Осының соңғысына жататындар қаламды мезгілінен бұрын тоздырады. Тозған қаламнан жөні түзу сөз шықпайды. Осыдан келіп сөз киесі туындайды. Сөздің де обал-сауабы болады. Көпіртіп көп жазудың заманы өтті. Қалам ұстаған қол арлы болмай, туындысы нәрлі болмайды. Көбік сөз, көпірме сөз әдебиетті жүдетеді. Бүгінгі прозаның нысанасы -дәлдік, қысқалық.

**-Бүгінде шікәмшіл болып алғанымыз жоқ па?**

-Дұрысы шамшыл болып барамыз. Оралхан аға айтпаушы ма еді, ешкінің құйрығының тұшандағаны шам емес, қойдың құйрығының тұшандағаны шам деп. Сол кеп басымызда бар. Тәуелсіздік алдық деп тақиямызды аспанға ұрғанымызға да он бес жыл болыпты. Осы уақыт ішінде басқасын қойғанда облыс орталығында жазушылардың алқалы жиналысы өтті дегенді естімеппін. Қаламгерді өлтіру үшін көп нәрсенің керегі жоқ. Елемесе жетіп жатыр. Шенеуніктеріміздің ұстанымы осы болды. Осы ойымды тереңдете түсейін. Осы біз онша көп те емеспіз ғой, Төрехан-ау. Қаламгер ұлттық тәрбие-тәлімнің санаткері емес пе?! Ұлттық рухтың тас қайрағы емес пе?! Сол санаулы қаламгерлерді жетімсіретіп, өз жерінде өгейлік кештіргендері ұлтқа жасалынған қастандықтай көрінеді маған. Қаламгерлерді шет қақпай ұстау - әдебиетке жасалынған қиянат. Суреткер Ғабит Мүсірепов «Әдебиет ірі болмай - ұлт ірі болмайды» дегенді тегін айтпаған.

**-Басшылыққа кінә артамыз, оқырманға өкпелейміз, сыншыларды мінейміз, одан қалды әдеби орта жоқ деп торығамыз...**

-Оқырманға өкпе артудың жөні жоқ. Қолына қалам ұстаған әрбір қаламгерлің өз оқырманы болады. Өкпе басқада. Бүгінгі оқырманға кітап жетпейді. Тірісімен дидарласпайды. Көзбе-көз әңгіме - сұхбат құрмайды. Бұл көшегі күннің еншісінде қалып отыр. Сыншыларымызға да базынамыз өтпейді. Оған кінәлі қаламгерлердің өздері. Жұртшылықты селт еткізер туынды ұсынбаймыз. Сергек деген оқырманымыздың өзі осыдан барып ұйқысына қайта кетті. Ал талғампаз қауым күлдібадам дүниеге тұшынбайды.

**-Осы жазушының әу басқы мәртебесі өзгеріп кеткен жоқ па? Сізге осы ел жазушы деп қарай ма, әлде?..**

-Кешегі Абылай мен Бұқар бабам заманының қайтып келер келмесіне көзім жетпей тұр. Ел тұтқасын ұстаған шенеуніктеріміз өздері жоламауға, бара қалсақ жолатпауға тырысады. Кітабымыз шығарып бер деп мазаны алады деп ойлайды. Одан қалды өкім қараларды сынайды деп ойлайды. Енді біреулер жазушыларды пәле-қорлар деп тон пішіп жатады. Ондайларды қаламның киесі ұрады дейсің де қоясың. Қаламгерлік қарақан бастың тірлігі емес, жалпақ жұртқа жанашырлықтан, туған тілге, ел мен жерге, ұлтқа деген махаббаттан күш алатын шынайы, сыншыл тірлік. Қалам ұстағандардың өзгелерден қашан да бір уайымы артық болады.

**-Өзгелердің өгізінің буаз көрінетіні болушы еді...**

-Сол жайт біздің де басымызда бар. «Ауылдағының аузы сасық». Қаламыңның түзулігісөз емес.

**-Біреу Гогольдің шинелінен, енді біреуі**

**Шерханның шекпенінен шығып жатады...**

-Бізге жетпей жатқаны осы. Жалғыз шапқан ат жүйрік. Тырашпыз. Өзімізді дәріптеуге келгенде алдымызға қара салмаймыз. Классиктен аманымыз жоқ. Классик екенсің ашқан шолаңды айт. Мектепсіз өнер құр далбаса. Сабақтастық үзіледі. Сөз өнері енді осылай біраз тұрар болса, аудандық газеттердің жабылмайтыны қалмайды.

**-Қаламнан қадір қашқан ба?**

-Аш адамда ақыл болмайды. Бүгінде жазу өнерімен жан сақтау мүмкін болмай барады. Бұрын кітабы шыққан жазушы басқасын қойғанда бір көліктік қаламақы табатын. Қазір бір кітап шығару үшін сонша қаражат шығаруың керек. Бұл ақылға қонбайтын нәрсе. Сондықтан да жазушы боламын деген мектеп жасындағы баланы көрмей отырмын. Қазіргі балалардың олигарх болғысы бар...

**-Шынымен бомж болғылары бар ма?**

-Сөз төркінін түсіндім. Олигарх та, бомж да азат. Дүниеуи нәрселерден. Біреуінде бар, екіншісінде жоқ. Бізді де осы санатқа қосуға болар еді. Алайда біздер қаламнан азат емеспіз.

**-Әдебиетімізден қадір қашса, тізерлеп отырған тіліміз бойын тіктемес...**

-Әрине, тілдің көркемдік қуатынан айырылуына өкеліп соқтырады. Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу бір басқа да, ана тіліміздің көркемдік қасиетін сақтап, оны дамытып байыта түсу бір басқа. Бұлайша тілді мәнсіздендіріп алсақ, келер ұрпақ ана тіліміздің дөмін алмай сы-



Өмір КӘРІПҰЛЫ:

# «ӘДЕБИЕТ — АРДЫҢ ІСІ!»

ғырдаң тартып, сақау адамның күйін кешпей ме?

**-Мына сөзіңізге қарасақ осы ауылда кітапхана қалмаған-ау...**

-Кітапханалардағы кітап қоры енді бір бес-он жылда мүлде ортаяды. Таралымы шектеулі кітаптармен рухани азық молықпайды. Ауылға кітап бармағалы он бес жылдың мұңдары болды. Енді де барады да деп айту қиын. Ал мектептердегі кітапханалар айтарға ғана. Әкесі елденді де естірмеді. Бүгінгі жастар көркем әдебиеттің өрпін танымай барады. Оларға кінә арту да қиын. Көбі аралас мектепте оқиды. Немесе тілін көше тілімен сындырады. Тура осылай жүре беретін болсақ, қазақ ұлттық мәдениет орталығын да ашатын боламыз. Ауылда.

**-Осы, ауылға газет пен журнал бара ма?**

-Келеді, әрине. Көбінесе, қыста пештен ұзап кетпейді. Немесе ет жеген дастарқан басынан көреміз. Ал мұғаліммен сынып табалдырығын аттаған газет-журналдар жоқтың қасы болып тұр-ау.

**-Рухани аштық жақын қалды десеңізші...**

-Ұлттық рухани аштық басталды. Қаптап шығып жатқан жекеменшік басылымдар бейәдепсіздікке баулиды. Қаптаған партиялардың да органдары жеткілікті. Олар саясатты дәріптейді. Билікті жамандайды. Ханын жамандаған қарашаның көгергені бар ма осы! Ұлттық мазмұндағы мәдени шаралар ұмытылуға айналды. Оларды тек аста көретін болдық.

**-Ауылдағы қаламгер немен шуғылда-нады? Жазудан басқа...**

-Қаламгер ретінде түкпен. Азамат ретінде толып жатыр. Тіпті араласпайтын нәрсе жоқ. Ауылдың мұңы көп. Оған тиіспейік, шиін шығарып алармыз. Дала бос қалды, соған ішім аши-

ды. Жаздай өртенді иесіз дала. Құдайдың құлы шықпады өрт сөндіруге білек түрініп. Табиғатты қорғауды Отан қорғау деңгейіне көтермесе жүдетіп аламыз. Бұлақтардың көзі бітелген. Өзендер тартылған. Мал ішетін су жоқ. Аң-құс сирексіді. Ауылда тұратын адамға осының барлығы көдімгідей жұмыс.

**-Мен білетін ауылдың жазушылары ел тарихын қаузаушы еді...**

-Өлкеміздің тарихы - бәрімізге ортақ. Ел тарихы сондай бұлақтардан түзеледі. Тарихқа құрғақ әуестік қажет емес. Әуесқойлық абыр-өткен ата қонысқа барлау жасап қайттым. Ағыбай батырдың басына барып тәуеп еттім. Сонда бір келеңсіздікке тап болып, жағамды ұстадым. Ағыбай батырдың соңынан ерген, болжамшысы һәм қорғаушысы Мамыт батырдың бейітін (әулие деп атайды) ХҮІІІ-ХІХ ғасырда өмір сүрген Найман Қаратай бабаның (батырдың) атына ауыстырып, құлпытас қойыпты. Осынау айтуға ауыз бармайтын білместікке не деуге болады?! Мұндай-мұндай келеңсіздікке тосқауыл қоюдың амалы - тарихшылардың қауымдастығын құру. Облыс деңгейінде, әрине. Қайталап айтамын, өлке тарихын қолжаулыққа айналдыруға біздің хақымыз жоқ.

**-Сіз намаз оқисыз...**

-Имандылыққа бетті алғашқы толқын қатарында бұрғанбыз. Содан бері аузымыздан шүкіршілігіміз кетпеген жандардың біріміз. Дін жөнінде әңгіме қозғасаң тағы да кемшілікке барып тірелесің. Діни мәдениетіміз кемшін. Діндарларда білім аз. Үгіт-насихатты құрғақ жүргізеді. Бүгінгі діндар жастар, имамдар ұлттық дәстүр-салтқа шорқақ. Сөздік қоры тапшы. Әдебиеттің дөмін алмағандар. Содан барып олардың айтқан уағыздары жарғақтың табалдырығынан қайтады. Мешітке баратын ақсақалдарымыз қайда өлім болса, сонда

жүреді топталып. Уағыз айту бәсең. Жұртшылықты шарифатқа ұйыту қарадүрсін. Дегенмен бұрынғыдан гөрі ілгерілеушілік бар. Жастарымыздың көзі ашылып қалды.

**-Дәстүрлі сұрақтан аттап өтпей-ақ қойың. Қазір не жазып жүрсіз?**

-Поэзия - менің ішкі қайнарымның қозғаушы күші. Мен поэзиямен ауызданғанмын. Содан болар, анда-санда өлең жазып қоямын. Поэзия - жауынгер жанр. Ақындар аттан түспеуі керек. Онсыз ұлттық намыс ширықпайды. Ауылда жатқаныммен қарап жатқаным жоқ. Мектепте жиырма жыл мұғалім болғанмын. Соның әсері болар, «Халық педагогикасының сабақтары» деген еңбек жазып шықтым. Қазір соны қырнап-мінеу үстіндемін. Мұнан басқа қысқа әңгімелер топтамасын жазуды серік қылып алдым. Ал естелік жазуға уақыт таппай-ақ қойдым. Көркем прозаның тартылысы жібермейді.

**-Қаламдас әріптестеріңіз жөнінде не айтасыз?**

-Төкен Әлжантегі қаламының тұтқырлығына тәнтімін. Қайрат Әбілда мен Баянды Мұсабектен үлкен үміт күтемін. Сапарғали Ләмбекті прозаның хас шебері демей көр. «Тәттімбет» романы сықпа құрттай тәтті-ақ. Кешегі өткен Асан Жұмаділдин, Әуезхан Көшімов, Жайық Бектұров, бүгінгі көзі тірі Қанат Жойқынбек, Мақсым Омарбек, Рымқұл Сұлеймен, Аппаз Қаражігіт, Кәмел Жүністеги, Хамит Дәрібай қай жазушыдан кем. Осылардың осалы жоқ.

**-Біздің «Орталық Қазақстанға» жазушы ретінде, оқырман ретінде өкпеңіз бар ма?**

-Әдебиетшілердің штаттан тыс орталығы сендерсіңдер. Бұл ұжымның жорналшылары кілең шаппай берлер. Ұлтым деген, тілім деген жайсаң азаматтар. Газеттің қара жұмысына жегіліп жүргендеріңді былай қойғанда, ұлтжандылықтарыңа разы қалың оқырман.

**-Соңғы сауал, ортақ істі жақсарту жөніндегі өз ұсыныстарыңызды айтаңыз?**

-Әдебиет - ардың ісі. Сондықтан біз қалайық, қалмайық сырт көз бізді нақ осы әдебиетіміз арқылы таниды. Олай болса ойла-сып шешер мәселелер жеткілікті деп білемін. Соның біреуін жоғарыда айтып өттім. Өлкетанушылардың қауымдастығын құру туралы. Әдебиеттегі сабақтастықты үзіп алмау өте маңызды. Сондықтан облыс орталығында мықты бір ұйым құрудың уақыты жетті деп білемін. Әдебиетті алтын құс десек, оның ұя салатын, қонақтайтын тұрағы болуға тиісті. Сондықтан өлгі ұйымды мәдени мұрамызбен байланыстырғанымыз жөн болады. Мәдени мұра орталығы десек қалай болады? Аудандық газеттердің тынысын ашып, көлемін арттырып, өлке тарихының айнасы ретінде этнографиялық һәм әдеби газет деңгейіне жеткізіп мазмұнын байытса, жас талапкерлердің қаламы ұшталар еді. Облыстың жаңа басшысы әдебиетті ілгерілету мақсатында жеке қор құрғызып, әдеби-этнографиялық журнал ашуға ұйытқы болса екен дейміз.

**-Сұхбағыңызға рахмет. Сізге шығармашылық табыс тілеймін.**

-Рахмет. Мен де өздеріңе соны тіледім.

Әңгімелескен Төрехан МАЙБАС. ҚАРАҒАНДЫ қаласы.